

Жылдам кебетін су негізіндегі адгезиялық акрил грунт.

Бұрын боялған беттерді, ағаш, кірпіш, бетон және цемент негіздерін, гипсокартонды, МДФ, ДСП, ДВП беттерін дайындауда, сондай-ақ бояуға арналған тұсқағаздарды грунттау үшін қолданылады.

Карниздерді, молдингтерді, жиһаз фасадытарын және ағаш бұйымдарын дайындауда таптырмас материал. Бояу жұмыстарын жүргізер алдында тек ішкі емес, сонымен қатар сыртқы жұмыстарда да қолдануға болады.

БЕТТІ ДАЙЫНДАУ

Негіз таза, құрғақ және берік болуы керек. Үгітіліп тұрған және қабыршақтанып жатқан ескі жабындарды алып тастап, ажыраған жерлерін тазалау қажет.

- + Қолданар алдында миксермен төмен айналымда араластырыңыз.
- + Қатты сіңіретін, борпылдақ, шаңданатын және шпаклевка жағылған беттерді Грунт Праймер қолдана отырып сіңдіріңіз.
- + Егер дақтар болса – грунтты жергілікті түрде жағып, толық құрғағаннан кейін қайта жағыңыз.
- + Аз мөлшердегі пигментпен бояуға рұқсат етіледі.

! Құралдар жылы су мен сабын арқылы тазартылады.

СҮРТУ



Түк ұзындығы 8-12 мм болатын полиакрил немесе велюр валикті қолдану ұсынылады. Біркелкі қабатпен жағыңыз, ағып кетулерге, қалың жиналып қалуға және өткізіп алынған жерлерге жол бермеңіз. Құралды бетке қысып сығып қолданбаңыз, материалды үнемдемеңіз.

Молдингтерге, карниздерге, полиуретаннан жасалған сәндік элементтерге, плитустарға, рамаларға және бұйымдарға грунтты ауа краскопультімен жағуға рұқсат етіледі. Қолданар алдында грунтты жақсылап араластырып, металл електен өткізіп, 5% сумен сұйылтыңыз. Ұсынылатын сопло өлшемі 1.4-1.8 мм. Құрамында адгезиялық қоспалардың болуына байланысты ауасыз бүрку әдісімен жағу ұсынылмайды.

Рельефті беттер үшін губкамен тампонаж жасауға немесе ұштары ажыратылған жасанды қылшықты қылқаламмен жағуға болады. Грунттың артық мөлшері рельефтің терең жерлерінде жиналып қалмауы үшін міндетті түрде алып тастау қажет.

ҰСЫНЫСТАР

Бояу алдында грунт қабаты нысанның температуралық жағдайларын ескере отырып толық кебуі тиіс. Грунтты кемінде 24 сағат кептіруге қалдырыңыз.

Мінсіз бояу нәтижесіне қол жеткізу үшін Жабынды грунтты қолданылатын интерьер бояуының түсіне жақын реңкке колеровка жасаңыз.



Қабаттар арасындағы кебу уақыты: 6-8 сағат

Толық кебу уақыты: 24 сағат